

Корпорацияның негізгі капиталы мәні және құрамы

Орындаған: Чуkenова М.Ж

Қабылдаған: Телагуcова Э.О.

Мамандық: Есеп және аудит

Топ:016



- ❖ Негізгі қорлар (негізгі капитал) - өндіріс үрдісінде ұзақ уақыт бойы қызмет ететін және осы уақыт ішінде өздерінің натуралды-заттық формасын сақтап, өз құнын дайын өнімге тозу мөлшеріне байланысты бөлшектеп, біртіндеп амортизациялық аударымдар түрінде аударатын өндірістік, материалды-заттық құндылықтар жиынтығы. Негізгі қорлар негізгі өндірістік және негізгі өндірістік емес қорлар деп екіге бөледі.
- ❖ Корпорация мен ұйымдардың қалыпты жұмыс істеуі үшін ең маңызды қорлар болып мыналар саналады: жарғылық қорлану, тұтыну, еңбекке ақы төлеу, валюта, жөндеу, т.б қорлар.

- ❖ Негізгі капитал- ол корпорация капиталының ұзақ мерзімді активтеріне салынған бөлігі. Бухгалтерлік баланста ол ұзақ мерзімді актив бөлігінде орналасқан. Теорияда басқаша айналымнан тыс активтер деп атайды.
- ❖ Негізгі капиталға негізгі құрал жабдықтар, материалдық емес активтер, ұзақ мерзімді инвестициялар жататды.

- ❖ Материалдық емес активке жеке заттай нысаны жоқ, алайда қандайда бір құнға ие және субъектіге бір жылдан аса қызмет ететін қосымша кіріс әкелетін актив.
- ❖ Ұзақ мерзімді қаржы инвестициясы – басқа кәсіпорынның жарғылық капиталында үлестік қатысуға ұзақ мерзімге акция мен облигация сатып алуға арналған шығындарды айтамыз.

- ❖ Кәсіпкерлердің негізгі мақсатын іске асыру үшін капиталды инвестициялау өндіріс, сату және тұтыну кезеңдерін қамтитын ұдайы жаңғыртуды жоспарлап отыруы қажет.
- ❖ Кәсіпорындардың капиталы меншікті, қарыздық негізгі айналым капиталы болып бөлінеді.



❖ Кәсіпорынның негізгі құралға салған салымдарының тиімділігін бағалағанда сондай-ақ оны пайдаланғанда және оны ұдай талдағанда келесі ережелерге сүйену керек:

1. Негізгі құрал жабдықтарының функционалдық пайдалылығы бірнеше жылдар бойы сақталады. Сондықтан оны сатып алу және пайдалануға жұмсалатын шығын уақыт бойынша бөлінеді.

2. Негізгі құрал жабдықты жаңарту сәті оның құны өтелетін сәтпен үйлеспейді. Сондықтан кәсіпорынның қаржы нәтижесін төмендейтін залал зияндар пайда болуы мүмкін.

3. Негізгі құрал жабдықты пайдаланудың тиімділігі оның түріне өндірістік процеске қатысу сипатына, сондай-ақ тағайындалуына қарай әр түрлі бағаланады.

- ❖ Негізгі құрал жабдықтар кәсіпорын қызметінің өндірістік қана емес сонымен қатар әлеуметтік тұрлылық саласына да қызмет көрсетеді. Сондықтан да оны пайдалану тиімділігін арттыру экономикалық тұрғыдан ғана емес сонымен бірге әлеуметтік, экономикалық және т.б факторлармен байланысқан жөн.